

In article are brought given called on experience and results. In whey shelters recovered teileriozes Theileria annulata animal are formed komplementlinking material, which are easy caught teileriozes by antigen in RSK and RDSK for 12 months (the period of the observation) and these reactions can serve the method of the determination beside animal of presence or absences immunitet.

ӘОЖ 619:616.993.193.636.7 (574)

ОНГУСТІК ӨҢІРІНДЕ МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРАМАЛДЫҢ ПИРОПЛАЗМИДОЗДАРЫ ЭПІЗООТОЛОГИЯСЫНЫң КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Қожабаев М., Бердіқұлов М. А., Қаратаев Ш. М.

Оңтүстік Қазақстан гылыми – зерттеу ветеринария стансасы

Ауыл шаруашылық жануарларының ішінде қарамалдың пироплазмидоздары – қоздырғыштары организмдегі эритроциттерді және басқа торлы эндотелий жүйесінің торшаларын зақымдайтын, үлкен бір аурулар тобы. Қоздырғыштары ауру малдан сау малға кенелер арқылы жүргеди, яғни бұл трансмиссивті аурулар болып табылады. Аурулардың осы тобына тән белгілер: дene ыстығы көтерілуі, қан аздық, сарғыштану, жүрек-тамыр жүйесінің және қарын-ішек жолдары қызметінің бұзылуы.

Пироплазмоздар өте жиі солтүстік Кавказда және Кавказдың арғы жағындағы мемлекеттерде, Орта Азия республикаларында, Қазақстанда, Қыыр Шығыста таралған. Ауылшаруашылық малдарының пироплазмидоздарының пайда болуына және таралуына эпизоотологиялық факторлар әсер етеді олардың ішінде үш буыннан тұратын эпизоотологиялық тізбек болады. Бірінші буын- қоздырғышпен инвазияланған жануар; екінші буын- тасымалдаушы кене. үшінші буын – ауруға бейім жануар. Пироплазмидтер бірінші буыннан – донор - жануарлардан, екінші буынға-тасымалдаушыларға, ал олар арқылы үшінші буынға-ауруға бейім жануарлар-реципиенттерге беріледі. Соңғылар инвазияны қабылдап алып, тасымалдаушылар үшін донор-жануарларға айналады да, соナン соң олар бейім жануарларға ауру таратады. Бұл аурулардың эпизоотиялық тізбегі осылай ұштасып, ауру қоздырғыштары осылай жылдан жылға жануарлар мен тасымалдаушы-кенелер арасында, эпизоотиялық тізбектің бір буыны шығып қалғанша, жылжи береді. Бұл тізбектің ең осал буыны – жайылым (иксадид) кенелері, олар өздеріне қолайлы жағдайы бар биотоптарда ғана өмір сүреді. Соңдықтан жайылымдардағы олардың биотоптарын мелиорация шараларымен жою қажет[1,2,3].

Қарамалдың канпаразиттері ауруы – тейлериоз, пироплазмоз және франсаиллез-Қазақстанның оңтүстік өңірінде кен таралған сонымен бірге мал шаруашылығына үлкен зиян келтіреді.

Кезінде Целищев А.А. тейлериозға мынадай сипаттама берген: жылқылардың пироплазмозында орташа өлім жітім 15-20% құраса, ол қарамалдың тейлериозында 70-80 % жетеді [4].

Пироплазмид аурулары Қазақстанның оңтүстік өңірінде біркелкі таралмаған. Оңтүстік Қазақстан облысында тейлериоз, пироплазмоз және франсаиллез, Жамбыл облысында – тейлериоз, пироплазмоз және Қызылорда облысында біргана тейлериоз тіркелген.

Қарамалдың пироплазмидоздарының қоздырғыштарының ішінен орын алатын *Theileria annulata* (тейлериодтың қоздырғышы), *Piroplasma bigemimum* (пироплазмоздың қоздырғышы) және *Francaiella colchica* (франсаиеллездің қоздырғышы).

Қоздыршулылардың негізгі тасымалдаушылары иксодтық кенелердің белгілі түрлерінен *Hyalomma* туысынан: *H. detritum* және *H. anatomicum* (тейлериоз үшін), *Boophilus calcaratus* (пироплазмоз және франсаиелздер үшін) болып табылады.

Ауру тасымалдаушы кенелердің залалдану уақыты пироплазмидоздардың маусымына байланысты. Пироплазмоз және франсаиеллездер ерте көктемде және күзде, ал тейлериоз көбінше жаздың ортасында (максимум маусым-шілде) байқалады. Әсіресе осы аурулардың ішінде ең көп таралғаны тейлериоз ауруы. Энзоотиялық алқаптарда Богородицкий (1939) тейлериоз ауруының жергілікті (абориген) малдарда пайда болуын былай түсіндіреді, кенелер санының бірден өзгеріп

туруынан кейбір жылдары азайып кету салдарынан, барлық малдарда толық реинвазиялау болмай қалады. Бұл нәрсе, малдардың ауырып өткеннен кейін келесі жылы реинвазияланбауынан иммунитет төмендейді және олар қайтадан ауруға бейім болады.

Шаруашылықтарда қарамалдың пироплазмидозарымен тиімді құресу үшін кешенді шаралар жүргізу кезінде ғылым мен практикада алынған тәжірибелерді колдануда кенелердің биологиясын үйрену негізінде, химопрофилактикалық жақсы әсер ететін дәрілерді тауып, ауырған малдарды дер кезінде емдеу қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысы жағдайында көбіне тейлериоз-лептоспироз, пироплазмоз, анаплазмоз және басқа аурулармен аралас түрінде кездесіп патологиялық кезеңнің ауыр өтуіне, дұрыс диагноз қоюға және малдарды емдегендеге үлкен ауыртпашилық тузызады.

Көптеген аудандарда көбіне ауру қарамалдың лептоспирозымен біргеліктे өтетіні белгіленді; сирегірек-пироплазмозын Махтаарал, Сарыагаш, Сайрамда; кейде – анаплазмозын Ордабасы, Мақтаарал және Сайрам аудандарында.

Барлық аралас түрлерінде тейлериоз ауыр өтеді, өлу пайызы жоғары болады. Лептоспирозын біргелікте өткен кезде ауру көп мал бас санын қамтып энзоотия түрінде өтеді. Қанда тейлерийлермен анаплазм аралас залалданғанда ауру созылмалы түрде, жайлап өрбіп арықтап және малды өлімге алып келіп соктырады.

Қарамалдың пироплазмидоздарының маусымдық динамикасын Оңтүстік Қазақстан облысы жағдайында үйренілгенде тейлериоздың маусымдық басталуы көктемнің жылы кезінде тұра келеді (наурыз- сөуір-мамыр), кенелердің өсуі үшін қолайлы гидрометеорологиялық жағдай туындайды. Аурудың шынына шығуы маусым шілде айларына тұра келеді. Бұл кезеңде кенелер жайылымда жыйнакталуымен және малдарға жаппай шабуылдауымен белгіленеді.

Содан соң ауру жайлап төмендей бастайды және қыркүйек, қазан одан қарашаға барып тоқтайды. Кейбір кездерде, әсіреке 2007 жылы Қарамалдың тейлериоз ауруының бірден көбейіп кетуі Мактааралда 21 рет және 19 рет желтоқсан айларында анықталды.

Облыстың көшілік аудандарында Мактаарал, Сарыагаш, Шардара, сонымен бірге тау алды Төлеби және Қазығұртта тейлериоздың маусымдық ұзактығы 7 айдан 9 айға дейін созылады.

Кейбір аудандарда Бәйдібек, Ордабасы, Тұлкібаста тейлериоздың жалпы динамикасы өзгешелеу бұл жерлерде аурудың басталуы мамыр айынан, кейде сөуір – наурыз және төмендеуі тамыз – қыркүйекте, бірлі – жарым қазан айларында кездеседі. Аурудың маусымы 4-6 айға, ал Ордабасы ауданында кейбір жылдары 8 айға дейін созылады.

Аурудың динамикасына жылдың табиғи-климаттық жағдайы әсер етеді; кейбір алқаптарда тейлерийлердің тасымалдаушы кенелердің өсіп өнүіне онша қолайлы емес, сондықтан облыстың біршама аудандарында тейлериоздың мерзімі қысқарып және 2-4 айға созылады (Отырада, Түркістанда, Созакта). Бұл жерлерде аурудың сыртқы белгілері мамыр – маусымда көріне бастайды, соңғы рет байқалуы маусым – шілде, сирек – тамызда, кейбір кезде қыркүйекте.

Тейлериоз ауруының динамикасы малдардың жастарының үлкен кішілігіне қарап сипатталады, соның ішінде басым көшілігі жас малдар 2 айдан 1,5 жылға (сиректеу 2жылға) дейін ауырады. Бірақта үлкен кішілігіне қарамай барлық жастағы малдар ауруы мүмкін. Қолайсыз алқаптарға басқа жақтан алып келінген малдар өте бейім келеді, олардың барлығы ауырып көптеген шығынға ұшырайды.

Қарамалдың ауырмашылдығы негізінен жынысы жетілген кенелердің *Hyalomma detritum*, *Hyalomma anatomicum* түрлерінің шабуылдауымен тұра келеді, кей кезде *Hyalomma scutense*, бұлардың тарқалуына метеорологиялық, экологиялық және биологиялық жағдайлар әсер етеді, әр түрлі аудандарда өзіндік ерекшеліктері қалыптасады.

Hyalomma detritum және *Hyalomma anatomicum* кенелері мал қораларында өсуіп жетілуге қабілетті, бұл қалаларда аурудың стационарлық ошактарының пайда болуымен түсіндіріледі. Бұл кенелер барлық өсу сатысында тек қарамалда тоғышарлық өтеді де мал ұстайтын жерлерде тейлерийлердің ішкі тұрақтылық айналымын қамтамасыз өтеді (малдарды тұрақты тұратын жерінде закымдайды).

Соны тейлериоз ауруымен әр түрлі ауырып өткен малдарға *Theileria annulata*-ның патогендігі және вируленттілігінің әсерін кейбір географиялық алқаптарда ғана емес және сол алқаптардың әр алқабына байланысты (көпштаммдық) белгілеу керек. Штаммдардың осындағы иммунобиологиялық қасиеттерінің ауырмашылықтары паразиттердің өмір сүру ортасының әр кенелердің тасымалдаушыларына үқсамайтындығымен түсіндіріледі, климаттық және басқа

себептер, ал тағыда малдардың қай жерде қандай жағдайда тұратынына, және олардың шоғырлануына байланысты. Бұның барлығы инкубациялық кезеңіне, аурудың өтуіне және малдардың өлім жітімге үшірау пайызына әсер етеді. Малдар тейлериозben қатты ауырады, егер олар кенелердің *Hyalomma detritum* және *Hyalomma anatomicum* түрлерімен зақымданса, жазғы кезде тейлериоз жіті, ауыр түрде және ерге көктемде, күзде жеңілірек өтеді. Шамасы, тейлерийлердің апатогендігі мен вируленттілігіне температуралық фактордың үлкен маңызы бар және әлсізденуі немесе жоғарылауы, сонымен бірге мал организмдерінің реактивтілігінің өзгеруіне әсер етеді.

Әр түрлі географиялық алқаптарда малдардың кенелермен зақымдану мерізімін зерттеу - емдеу, алдын алу шараларын дер кезінде тиімді жүргізуге себепкер болады.

1. Богородицкий А.В. Некоторые вопросы проблемы тейлериоза крупного рогатого скота. – Тр. Узбекской научно-исследовательской ветеринарной опытной станции, 1939, вып. 11, С.-3-13.
2. Колабский Н.А. Тейлериозы животных. – Ленинград «Колос»- 1978. С. 38-39.
3. Сабаншиев М., Сүлейменов Т., Шабдарбаева Г. және т.б. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. – Алматы. – 2003. Б – 40-41.
4. Целищев А.А. Тейлерии и тейлериоз крупного рогатого скота. – В кн.: Паразитические простейшие Казахстана. Алма – Ата, 1946, т. I, С. 1-143

* * *

В статье приведены данные о некоторых особенностях эпизоотологии пироплазмидозов крупного рогатого скота на юге Казахстана. В различных географических зонах изучение зараженности крупного рогатого скота клещами, создается условия для своевременного проведения лечебных и профилактических мероприятий.

In article are brought given about some particularity эпизоотологии piroplasmidozos of the large horned live-stock in the south Kazakhstan. In different geographical zone study invazies large horned live-stock mite, s the condition for well-timed undertaking medical and preventive action.

УДК 636.5.52

ИЗМЕНЧИВОСТЬ МАССЫ ЯИЦ У ЯПОНСКИХ ПЕРЕПЕЛОВ

Махатов Б.М., Абрикосова В.И., Байбатшанов М.К.

ДГП «Институт физиологии человека и животных»

Масса яиц является селекционным признаком, определяющим общее количество яичной массы, полученной от несушки, влияющим на продуктивность, товарную ценность яиц, уровень выводимости [1].

О возможности селекции на повышение массы яиц свидетельствуют породные, линейные и семейные различия этого признака, а также богатая селекционная практика[2].

Важное производственное значение имеет селекция на выравненность массы яиц, но она должна сопровождаться более интенсивным отбором на укрупнение яиц [3].

Инбридинг незначительно снижает массу яиц, а гетерозис по этому признаку чаще всего не наблюдается.

Увеличение массы яиц способствует селекция на оптимальный возраст полового созревания и на продление периода использования птицы, поскольку взрослая птицы сносит более крупные яйца, чем молодая.

Массы яиц представляет собой количественный признак и зависит от ряда генетических факторов, а также от условий внешней среды. Исследованиями установлено, что массы яиц относятся к признаками с высокой наследуемостью, поэтому может успешно совершенствоваться методами массовой селекции. Однако, с другой стороны, высокая степень наследуемости данного